

Сарыкөл ауылдық округі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 12 мамырдағы N 2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 мамырда N 4688 болып тіркелді. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 12 шешімімен

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округі әкімінің 24.12.2014 N 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7 тармағына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі N 8-09-91 ұсынысына сәйкес Сарыкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыкөл ауылдық округінің Абай ауылы, "Құланбай" және "Кене" учаскелері аумағында ұсақ малдар арасында сарып ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округі әкімінің 24.12.2014 N 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (М.Дүйсен, келісімі бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдау сұралсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы С.Қасымовқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауылдық округінің әкімі	Ә. Дидаров
К Е Л І С І Л Д І : "Қазақстан Республикасы"	

Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау
және қадағалау комитетінің
Қазалы аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
----- М. Дүйсен

"12" мамыр 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК